

БЕКІТЕМІН


Сазды бұлак ОМ директоры

 Хадыр М

«02» 09 2022ж

КЕЛІСЕМІН

Оқу-ісі менгеруші

 Тилеухан С

«02» 09 2022ж

ӘБ ОРТАСЫНДА

ҚАРАЛДЫ

 Шынар Т

«02» 09 2022ж

# Перспективалық жоспар

(Мектепалды даярлық сыйныбы)

Тәрбиеші: Аманжол Еркежан

## ТҮСІНІК ХАТ

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі ұлттық даму стратегиясымен тығыз байланысты мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады. Бала — біздің болашағымыз. Олай болса, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту баланың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағының кепілі. Ол – үздіксіз білім берудің алғашқы деңгейі. Соңдықтан, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың негізгі мақсаты – баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы болып отыр.

Еліміздің мектепке дейінгі ұйымдардың педагогикалық үдерістерін жаңа бағдарламалармен, оны жүргізуіндік тиімді әдістерімен қамтамасыз ету қажеттілігі туды. Ұсынылып отырған бағдарламасы мектепке дейінгі 5-6 жастағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудың психологиялық-педагогикалық және мазмұндық аспекттерін ашады және негізгі құзіреттіліктерді қалыптастырудың міндеттерін жүзеге асырады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылыктар негізінде оларды толықанды дамыту мен әлеуетін ашу.

*Әдістемелік нұсқау хатта 2022-2023 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленген, ол мынадай бағыттарды қамтиды:* - әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклузивті орта құру;

- балалардың өмірін қорғау және деңсаулығын нығайту, салуатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
- Отанды, ана тілін сүюге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;
- баланың мектепте окуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруды педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы оқыту;
  - түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ұлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ұлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Ұлгілік оқу бағдарламасы);
- 5) мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген, өнірлік әдістемелік орталықтың ғылыми кеңесінде бекітілген және қолдануға ұсынылған білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік- эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) дene шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дene шынықтыру); 2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
- 3) сөйлеуді дамыту;
- 4) көркем әдебиет;
- 5) сауат ашу негіздері;
- 6) қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда);
- 7) сенсорика;
- 8) математика негіздері;
- 9) құрастыру; 10) сурет салу; 11) мұсіндеу; 12) жапсыру;
- 13) қоршаган ортамен таныстыру; 14) музика.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді.

**Мектепалды даярлықтың негізгі міндеттері:** - балаларда оқу әрекетінің ұйымдастырылған мінез-құлқының дағдыларын қалыптастыру (тәнімдүк белсенділік, шығармашылық);

- мектепке оқу үшін қажетті болашақ бірінші сыйнып оқушысының жеке қасиеттерін қалыптастыру (жауапкершілік, зейінділік, дербестік, ынталық);
- ұжымдық әрекетте бірлесіп әрекет ету дағдыларына тәрбиелеу (құрдастарына көмек көрсету, жұмыс нәтижелерін бағалау және т. б.);
- балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымнан мектепке көшу кезінде сабактастықты және табысты бейімделуді қамтамасыз ету;
- баланың мектепке эмоционалды-он қозқарасын, оқуға деген ынтасын дамыту.

Мектепалды сыйныптары тәрбиелеу-білім беру қызметін:

- 1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;
- 2) «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандығы № 595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына;
- 3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);
- 4) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндеттін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес жүзеге асырады.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша: -физикалық дамыту;

- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- тәнімдүк және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

## 5. Тәрбиелеу-білім беру процесінде:

әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толықанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылады;

балалардың құқықтарын, өмірін қорғау, денсаулығын нығайту қамтамасыз етіледі;

салауатты өмір салтының негіздері, қауіпсіз өмір сұру дағдылары, қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, когнитивтік дағдылар, өзіне, отбасына, құрдастарына, қоршаған ортага адамгершілік қарым-

қатынасы, тәрбиеленушілердің қарым-қатынас мәдениеті, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздері, патриотизм қалыптасады;

тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік, тәнімдүк-сойлеу, көркем-эстетикалық, шығармашылық қабілеттері дамиды;

Отанға, ана тіліне сүйіспеншілік тәрбиеленеді;

баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беріледі.

6. Тәрбиеленушілердің құзыреттіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыруды қарастырады.

## 7. Физикалық қасиеттерді дамыту.

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сұру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады.

Дене шынықтыру ата-аналардың балаларға ерте жастан күтім жасауы мен оларды дамыту дағдыларына ие болуына жәрдемдесу, тәрбиеленушілердің негізгі қымыл тұрларін менгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қымыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қымыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту, әртүрлі ойындарды, оның ішінде ұлттық, қымылды ойындарды, командамен жарыс сипатындағы ойындарды өткізу, спорттық жаттығуларды орындау, спорттық ойындардың элементтерімен таныстыру, шығармашылық қабілеттер мен командамен бірге әрекет ету дағдыларын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды.

## **8. Коммуникативтік дағдыларды дамыту.**

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын менгертуі, қолдың ұсак моторикасын және команда жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен, балалар көркем әдебиетімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеу, шығарманы бірге оку мен айттып беру, талдау, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, белсенді сөздік корын байыту, тілдік нормаларды, қарым-қатынас мәдениетін менгерту міндеттерін шешеді.

## **9. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту.**

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын менгертуі қарастырады.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту сенсорлық эталондар туралы түсініктерді, қарапайым математикалық ұғымдарды; құрастыру іс-әрекеті тәсілдерін менгеру; креативті және сынни ойлауды дамыту; азamatтық және патриотизме баулу, ұлттық мәдениетті құрметтеуді қарастырады.

## **10. Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.**

Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, ғылыми-зерттеу іс-әрекетін дамыту өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау бойынша міндеттерді қамтиды.

Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту, тәрбиеленушілердің жеке

ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдайлар жасалады.

## **11. Элеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.**

Элеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастырудың мақсаты тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше балаларды он әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қогам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру болып табылады.

Элеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру қогамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу; өмірдегі жағдайларды шешу, айналадағы адамдарға құрметпен қарау, өз отбасының мүшесі екенін сезіну, эмоционалды елгезектікі, жанашырлықты қалыптастыру; тәрбиеленушінің адамгершілік қасиеттерін

корсетуге қабілеттілігі мен дайындығын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды, моральдық нормалардың талаптарына жауап беретін іс-әрекеттерге;

Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін көңейту; еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру, заттар, жанды және жансыз табиғат құбылыстары жөнінде білімдерді көңейту, креативтік ойлауды дамыту бойынша міндеттерді қамтиды.

**Мектепалды даярлық тобындағы «Дене шынықтыру» Ұ.І.Ә. перспективалық жоспары**

**2022-2023 оқу жылы**

**Апталық жүктеме 3 сағат, жылдық жүктеме 105 сағат.**

**Алматы «Алматықітап баспасы» 2022 ж.**

| A/c  | №  | ҰІӘ-нің тақырыбы             | ҰІӘ-нің міндеттері   | Сағат саны | Өту мерзімі |
|--|----|------------------------------|--|------------|-------------|
| <b>Қыркүйек айына ұйымдастырылған іс-әрекет:</b> |    |                              |  |            |             |
| 1<br>Апта  | 1  | Спортзал.                    | Кеңістікте бағдарлай білу және күш секілді дene қабілеттерін дамыту. Спортқадеген қызығушылықтарын дамыту және ұйымшылдыққа тәрбиелу.  | 1          | 05.09.22ж   |
|  | 2  | Спортзалда ойнаймыз.         | Ептілік, шыдамдылық, төзімділік тәрізді дene қабілеттерін дамыту. Мейірімділікке, бауырмалдыққа тәрбиелу.  | 1          | 06.09.22ж   |
|  | 3  | Денсаулықтың құпиялары.      | Спортпен шұғылдану, салауаттың міндеттерін дамыту. Құштілікті, ептілікті, төзімділікті дамыту.   | 1          | 07.09.22ж   |
| 2<br>Апта  | 4  | Күлкі сыйла.                 | Бала ағзасын төзімді, мықты болуға шынықтыру, омыртқаның қисайып кету қарудан дамыту. Мейірімділікке, әрқашанда көмекке дайын болуға, өзінің бойындағы теріс әдептерден арыла білуге тәрбиелу.   | 1          | 12.09.22ж   |
|  | 5  | Біз күшті және ержүрекпіз.   | Дене бітімін дұрыс ұстап, тепе-тендіктерін сақтап, орындық үстімен жүруді бекіту. Бұлшық ет корсеті мен омыртқаның иілімділігін қалыптастыруға мүмкіндік жасау; стретчинг – омыртқаның кисаюның алдын алу. Салауатты өмір салтын сақтауға баулу. | 1          | 13.09.22ж   |
|  | 6  | Мен ойнағанды жақсы көремін. | Допты бастағанда оның ойнағанды жақсы көремін. Оның ойнағанды жақсы көремін. Допты бастағанда оның ойнағанды жақсы көремін. Оның ойнағанды жақсы көремін.  | 1          | 14.09.22ж   |
| 3<br>Апта  | 7  | Керуен (таза ауада)          | Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру, коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту, мейірімділік пен ұлттар арасындағы достыққа тәрбиелу.   | 1          | 19.09.22ж   |
|  | 8  | Бадминтон, футбол.           | Спорттық іс-әрекеттерге деген қызығушылығы мен олардың денсаулық үшін маңыздылығын саналы түсіну, ұйымдастырылған мәдениеттіліктердің қалыптастыруға мүмкіндік жасау.  | 1          | 20.09.22ж   |
|  | 9  | Күзгі орманда.               | Қозғалыс мәнерлілігін, ыргактылығын дамыту; азаматтық және экологиялық мәдениеттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік жасау.  | 1          | 21.09.22ж   |
| 4<br>Апта  | 10 | Ұлттық ойындар (таза ауада)  | Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру, коммуникативтік құзіреттіліктерін дамыту, мейірімділік пен ұлттар арасындағы достыққа тәрбиелу.   | 1          | 26.09.22ж   |
|  | 11 | Ұлттық ойындар (таза ауада)  | Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру, коммуникативтік құзіреттіліктерін дамыту, мейірімділік пен ұлттар арасындағы достыққа тәрбиелу.   | 1          | 27.09.22ж   |
|  | 12 | Қалай спортшы болуға болады? | Ептілік, өз-өзін бақылай алу дағдыларын дамыту; спортқа деген ынталарын, салауатты өмір сүрге деген жақсы әдептерін тәрбиелу.  |            | 28.09.22ж   |
| <b>Қазан айына ұйымдастырылған іс-әрекет:</b>    |    |                              |  |            |             |
|  | 13 | Менің сүйікті жануарларым.   | Кеңістікте бағдарлай, күштілікті дамыту. Спортқа құлышының жалғастыру. Ұйымшылдыққа, өз бетімен әрекет ете алуға тәрбиелу.   | 1          | 03.10.22ж   |

|                   |           |                                     |  |          |           |
|-------------------|-----------|-------------------------------------|--|----------|-----------|
| <b>1<br/>Апта</b> | <b>14</b> | Дене қабілеттерін дамыту.           | Кеңістікті бағдарлау, күштілікті дамыту. Спортқа құлшынысын жалғастыру. Ұйымшылдыққа, өз бетімен әрекет ете алуға тәрбиелу.  | <b>1</b> | 04.10.22ж |
|                   | <b>15</b> | Доппен ойнап, көңлінді көтер!       | Өмірге деген жағымды көзқарастарын қалыптастыру, өзін қогам мен балалар үжымының маңызды бір болігі екенін сезіндіру.  | <b>1</b> | 05.10.22ж |
| <b>2<br/>Апта</b> | <b>16</b> | Доппен ойнап, көңлінді көтер!       | Өмірге деген жағымды көзқарастарын қалыптастыру, өзін қогам мен балалар үжымының маңызды бір болігі екенін сезіндіру.  | <b>1</b> | 10.10.22ж |
|                   | <b>17</b> | Біз әр түрліміз.                    | Гимнастикалық орындық үстімен етпетінен жатып енбектеуге жаттықтыруларын жалғастыру, қолдарын ширақ бүгіп, денесімен тартылу, ептілік, төзімділік секілді дene сапаларын және қол бұлшық еттерін дамыту. | <b>1</b> | 11.10.22ж |
|                   | <b>18</b> | Зейінді боламыз.                    | Басқа балалармен бірге жаттығуды қалмай жасауға дағдыландыру. Ұйымшыл және жинақы болуға тәрбиелу.   | <b>1</b> | 12.10.22ж |
| <b>3<br/>Апта</b> | <b>19</b> | Зейінді боламыз.                    | Басқа балалармен бірге жаттығуды қалмай жасауға дағдыландыру. Ұйымшыл және жинақы болуға тәрбиелу.   | <b>1</b> | 17.10.22ж |
|                   | <b>20</b> | Бірінші бол!                        | Шапшаңдық, ептілік, тәртіптілік, жинақылық секілді дene сапаларын дамыту. Көшбасшы болуға, өзін-өзі бағалай білуге тәрбиелу.   | <b>1</b> | 18.10.22ж |
|                   | <b>21</b> | Командалық эстафеталар (таза ауада) | Өз денсаулығын сақтау құндылығын арттыру мен спортпен шұғылдануға қызығушықты қалыптастыру. Салауаттылыққа, коммуникативтік құзыреттілікке тәрбиелу.   | <b>1</b> | 19.10.22ж |
| <b>4<br/>Апта</b> | <b>22</b> | Командалық эстафеталар (таза ауада) | Өз денсаулығын сақтау құндылығын арттыру мен спортпен шұғылдануға қызығушықты қалыптастыру. Салауаттылыққа, коммуникативтік құзыреттілікке тәрбиелу.   | <b>1</b> | 24.10.22ж |
|                   | <b>23</b> | Ерекше сабактар.                    | Коммуникативті құзыреттіліктерін, ептілік және шапшаңдықтарын дамыту. Шапшаңдық, ептілік, тәртіптілік, жинақылық секілді дene сапаларын дамыту.  | <b>1</b> | 25.10.22ж |
|                   | <b>24</b> | Акробат болғым келеді.              | Шапшаңдық, ептілік, тәртіптілік, жинақылық секілді дene сапаларын дамыту. Салауатты өмір сүруге баулу. Өздерінің денсаулықтарына қамқорлықпен қарауға дағд/дыру  | <b>1</b> | 26.10.22ж |

**Қараша айына ұйымдастырылған іс-әрекет:**

|                   |           |  |  |          |           |
|-------------------|-----------|--|--|----------|-----------|
| <b>1<br/>Апта</b> | <b>25</b> | Ақылдылар.                             | Заттардың арасынан фитболды саусақпен жеңіл қозғалту шеберліктерін (машықтарын) бекіту. Ұжымшылдыққа, қыздарды сыйлауға тәрбиелу.  | <b>1</b> | 07.11.22ж |
|                   | <b>26</b> | Ақылдылар.                             | Заттардың арасынан фитболды саусақпен жеңіл қозғалту шеберліктерін (машықтарын) бекіту. Ұжымшылдыққа, қыздарды сыйлауға тәрбиелу.  | <b>1</b> | 08.11.22ж |
|                   | <b>27</b> | Бізбен бірге және бізден артық орында. | Күш, ептілік секілді дene сапаларын және коммуникативтік құзыреттіліктеріндамыту. Ұжым болып бірлесіп тапсырмаларды орындауға және мейірімділік пентэртіптілікке тәрбиелу.             | <b>1</b> | 09.11.22ж |
| <b>2<br/>Апта</b> | <b>28</b> | Біз – болашақ әскерміз!                | Салауаттылыққа, коммуникативтік құзыреттілікке, отансүйгіштікке, азаматтыққа тәрбиелу.   | <b>1</b> | 14.11.22ж |
|                   | <b>29</b> | Біздің стадион.                        | Шапшаңдық секілді дene сапасын дамыту және кез келген іс-әрекетті ақылғасалып, талдаш шеше білудерін дамыту. Спортқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, азаматтық қасиеттерін тәрбиелу. | <b>1</b> | 15.11.22ж |

|                   |           |   |  |          |           |
|-------------------|-----------|---|--|----------|-----------|
|                   | <b>30</b> | Менің отбасым. Менің үйім                                       | Басқа балалармен бірге жаттығуды қалмай жасауға дағдыландыру. Ұйымшылжәне жинақы болуға тәрбиелуу. Отбасына, өзінеген жылы қарым-қатынасқа тәрбиелуу.  | <b>1</b> | 16.11.22ж |
| <b>3<br/>Апта</b> | <b>31</b> | Күшті, батыл және үлкен боламын!                                | Тапсырманы өз бетімен орындауга баулу және шыдамдылық, ептілік, күшсекілді дene сапаларын дамыту. Өзінің денсаулығына қамқорлықпен қарау керектігін түсіндіру. Ептілік, шапшаңдық секілді дene сапаларын дамыту  | <b>1</b> | 21.11.22ж |
|                   | <b>32</b> | Командалық қимыл қозғалыстарды орындау біліктілігін қалыптасты. | Салауаттылыққа, коммуникативтік құзыреттілікке, мәселені шешу, ол үшін сыни ойлау, команда мүддесін өзінен жоғары коя білуге тәрбиелуу.  | <b>1</b> | 22.11.22ж |
|                   | <b>33</b> | Мерген болғым келеді  | Еденде иректеліп жатқан жіп үстімен басына құм салынған қапшықпен қолдыекі жаққа созып, тепе-тендік сақтап және әдемі жүруді бекіту. Қозғалыс кезінде тапқырлық таныта білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру, мейірімді, тез тіл табысқыш болуға тәрбиелуу.                     | <b>1</b> | 23.11.22ж |
| <b>4<br/>Апта</b> | <b>34</b> | Әкем/анам және мен!<br>Отбасымыз жаттығамыз.                    | Өзінің денсаулығына және отбасы мүшелерінің денсаулығына қамқорлықпен қарау керектігін түсіндіру. Ептілік, шапшаңдық секілді дene сапаларын дамыту   | <b>1</b> | 28.11.22ж |
|                   | <b>35</b> | Әкем/анам және мен!<br>Отбасымыз жаттығамыз.                    | Өзінің денсаулығына және отбасы мүшелерінің денсаулығына қамқорлықпен қарау керектігін түсіндіру. Ептілік, шапшаңдық секілді дene сапаларын дамыту   | <b>1</b> | 29.11.22ж |
|                   | <b>36</b> | Тату-тэтті баламыз.   | Қозғалыс үйлесімділігін дамыту, қозғалыс кезінде тапқырлық таныта білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. Төзімділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелуу. Өз пікірін айтып, оның дұрыстығын дәлелдей білу және пікірінің бұрыстығын мойындаі білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. | <b>1</b> | 30.11.22ж |

### **Желтоқсан айына ұйымдастырылған іс-әрекет:**

|                   |           |                                      |  |          |           |
|-------------------|-----------|--------------------------------------|--|----------|-----------|
| <b>1<br/>Апта</b> | <b>37</b> | Менің көңілді добым.                 | Төзімділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелуу. Қозғалыс кезінде тапқырлық таныта білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. Команда болып тапсырмаларды орындауга баулу, мейірімділікке тәрбиелуу.   | <b>1</b> | 05.12.22ж |
|                   | <b>38</b> | Аулада ойнайтын ойындар (таза ауада) | Баланың денсаулығын нығайтуға арналған жұмыстарды жалғастыру. Баланың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру және адамгершілікке тәрбиелуу. Үлттық ойындарға деген сүйіспеншіліктерін арттыру, төзімділік, күш, шапшаңдық секілді дene сапаларын дамыту. | <b>1</b> | 06.12.22ж |
|                   | <b>39</b> | Асықпен ойналатын ойындар.           | Түрлі жағдайларда (шу) зейіндерін шоғырландырып, тапсырманы дұрыс орындаі білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Асықпен орындалатын ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.  | <b>1</b> | 07.12.22ж |
| <b>2<br/>Апта</b> | <b>40</b> | Хоккей ойнаймыз! (таза ауада)        | Қимыл қозғалыс тапқырлығын, көзмөлшері мен спорттық құрал-жабдықтарын колданғанда зейінін шоғырландырып, тұрақтандыруын дамытуды жалғастыру  | <b>1</b> | 12.12.22ж |
|                   | <b>41</b> | Хоккей ойнаймыз! (таза ауада)        | Қимыл қозғалыс тапқырлығын, көзмөлшері мен спорттық құрал-жабдықтарын колданғанда зейінін шоғырландырып, тұрақтандыруын дамытуды жалғастыру  | <b>1</b> | 13.12.22ж |
|                   | <b>42</b> | Керуен.                              | Түрлі жағдайларда (шу) зейіндерін шоғырландырып, тапсырманы дұрыс орындаі білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Үлттық ойындарға деген қызығушылықтарын аттесту.   | <b>1</b> | 14.12.22ж |
| <b>3</b>          | <b>43</b> | Ержүрек құмырсқалар.                 | Нақты қимыл-қозғалыс жасай білу қабілеттерін қалыптастыруды жалғастыру, анализатор орталықтарын белсендіруге мүмкіндік жасау.  | <b>1</b> | 19.12.22ж |

|               |           |                            |   |          |           |
|---------------|-----------|----------------------------|---|----------|-----------|
| Апта          | <b>44</b> | Мультфильмдер әлемі.       | Өмірге, қоршаған ортага деген жағымды көзқарастарын қалыптастыру, айналагажәне өзін қоршаған адамдарға қайырымды болуға тәрбиелеу   | <b>1</b> | 20.12.22ж |
|               | <b>45</b> | Мультфильмдер әлемі.       | Өмірге, қоршаған ортага деген жағымды көзқарастарын қалыптастыру, айналагажәне өзін қоршаған адамдарға қайырымды болуға тәрбиелеу   | <b>1</b> | 21.12.22ж |
| <b>4 Апта</b> | <b>46</b> | Шаңғымен жүру (таза ауада) | Өз бетінше қозгалыс белсенділігін дамыту, құнделікті қымыл қозгалыс қажеттілігін, салауатты өмір салтында қимыл-қозгалыстың маңызын саналытусінуін қалыптастыру.  | <b>1</b> | 26.12.22ж |
|               | <b>47</b> | Біздің айналамыздағы әлем. | Қимыл-қозгалыс қабілеттерін, жалпы шыдамдылықтарын, дұрыс тыныс ала білулерін дамыту. Өмірге, қоршаған ортага деген жағымды көзқарастарын қалыптастыру, айналага және өзін қоршаған адамдарға қайырымды болуғатәрбиелеу | <b>1</b> | 27.12.22ж |
|               | <b>48</b> | Біздің айналамыздағы әлем. | Қимыл-қозгалыс қабілеттерін, жалпы шыдамдылықтарын, дұрыс тыныс ала білулерін дамыту. Өмірге, қоршаған ортага деген жағымды көзқарастарын қалыптастыру, айналага және өзін қоршаған адамдарға қайырымды болуғатәрбиелеу | <b>1</b> | 28.12.22ж |

**Қаңтар айына үйимдастырылған іс-әрекет:**

|        |           |                                      |  |          |           |
|--------|-----------|--------------------------------------|--|----------|-----------|
| 1 Апта | <b>49</b> | Африкаға саяхат.                     | Ойын жаттығулары арқылы қимыл-қозгалыс тәжірибелерін толықтыру, шыдамдылық, ептілік секілді дene сапаларын, кеңістікті бағдарлай білу қабілеттерін дамыту. Өмірге, қоршаған ортага деген жағымды көзқарастарын қалыптастыру, айналага және өзін қоршаған адамдарға қайырымды болуғатәрбиелеу | <b>1</b> | 09.01.23ж |
|        | <b>50</b> | Құрлықтар бойынша саяхат.            | Өмірге, қоршаған ортага деген жағымды көзқарастарын қалыптастыру, айналага және өзін қоршаған адамдарға қайырымды болуға тәрбиелеу.  | <b>1</b> | 10.01.23ж |
|        | <b>51</b> | Құрлықтар бойынша саяхат.            | Өмірге, қоршаған ортага деген жағымды көзқарастарын қалыптастыру, айналага және өзін қоршаған адамдарға қайырымды болуға тәрбиелеу.  | <b>1</b> | 11.01.23ж |
| 2 Апта | <b>52</b> | Байқоңыр.                            | Шапшаңдық, ептілік сияқты дene сапаларын, зейіндерін дамыту. Өз күшіне сенімділіктерін, тәртіптіліктерін тәрбиелеу.  | <b>1</b> | 16.11.23ж |
|        | <b>53</b> | Шаңғымен жүру(таза ауада)            | Өз бетінше қозгалыс белсенділігін дамыту, құнделікті қымыл қозгалыс қажет-тілігін, салауатты өмір салтында қимыл-қозгалыстың маңызын саналытусінуін қалыптастыру.  | <b>1</b> | 17.01.23ж |
|        | <b>54</b> | Фарышқа саяхат.                      | Өзіне, өзгелерге, қоршаған ортага деген қамқорлық, батылдық пен тәртіптіліктуралы түсініктерін кеңейту.  | <b>1</b> | 18.01.23ж |
| 3 Апта | <b>55</b> | Фарышқа саяхат.                      | Өзіне, өзгелерге, қоршаған ортага деген қамқорлық, батылдық пен тәртіптіліктуралы түсініктерін кеңейту.  | <b>1</b> | 23.01.23ж |
|        | <b>56</b> | Жыл мезгілдеріне саяхат (таза ауада) | Ептілік, құштілік, төзімділік, зейінді шоғырландыру дағдыларын дамыту. Патриоттық, қоршаған ортага деген қамқорлық пен өзін сыйлас қорғауға баулу.   | <b>1</b> | 24.01.23ж |
|        | <b>57</b> | Жігіттер сайысы.                     | Тік баспалдақ сатыларымен жорғалауға жаттығу. Қол мен аяқтыңқимыл үйлесімдігін дамыту. Фитболды түрлі заттардың арасынан ирек жолмен алып жүру қабіletі мен ұсақ бұлшық еттер моторикасын дамыту.  | <b>1</b> | 25.01.23ж |
| 4 Апта | <b>58</b> | Жігіттер сайысы.                     | Тік баспалдақ сатыларымен жорғалауға жаттығу. Қол мен аяқтыңқимыл үйлесімдігін дамыту. Фитболды түрлі заттардың арасынан ирек жолмен алып жүру қабіletі мен ұсақ бұлшық еттер моторикасын дамыту.  | <b>1</b> | 30.01.23ж |
|        | <b>59</b> | Ұлы есімдер.                         | Еліміздің тарихына қызығушылығы мен ұлт дәстүріне деген құрметке, басқаларға көмек берсе білу, өз мүддесінен команданың мүддесін жоғары қоюғатәрбиелеу.  | <b>1</b> | 31.01.23ж |

***Ақпан айына үйымдастырылған іс-әрекет:***

|           |           |  |  |          |           |
|-----------|-----------|--|--|----------|-----------|
|           | <b>60</b> | Желаяқтар.                                   | Еліміздің тарихына қызығушылығы мен ұлт дәстүріне деген құрметке, басқаларға көмек бере білу, өз мұддесінен команданың мұддесін жоғары қоюғатәрбиеу.   | <b>1</b> | 01.02.23ж |
| 1<br>Апта | <b>61</b> | «Батырлар» (айналмалы жаттығуларды қолдану). | Жүгіріп келіп биіктікке секіруді дұрыс орындауға үйрету, екпіналып жүгіру мен белгіленген орыннан итеріліп секіруді үйлестіруге үйрену.  | <b>1</b> | 13.02.23ж |
|           | <b>62</b> | «Батырлар» (айналмалы жаттығуларды қолдану). | Жүгіріп келіп биіктікке секіруді дұрыс орындауға үйрету, екпіналып жүгіру мен белгіленген орыннан итеріліп секіруді үйлестіруге үйрену.  | <b>1</b> | 14.02.23ж |
|           | <b>63</b> | Мерген.                                      | Өз денесін басқаруды, арқаннан ұстап салбырап тұруды, ептілік, өз бетімен әрекет ету, күштілікті дамыту.   | <b>1</b> | 15.02.23ж |
| 2<br>Апта | <b>64</b> | Аңшылар.                                     | Заттардың арасымен дұрыс жүгіруді жалғастыру. Өз денесін басқаруды, арқаннан ұстап салбырап тұруды, ептілік, өз бетімен әрекет ету, күштіліктідамыту.  | <b>1</b> | 20.02.23ж |
|           | <b>65</b> | Қыстаудағы ойындар.                          | Талдаң ойлау, қалыптан тыс шешімдер қабылдай білуге, ептілікке, құш пен төзімділікке, көвшілдікке, алған білім-біліктерін өмірде қолдануға баулу. Коршаған ортаға деген қамқорлық пен жауапкершілікке тәрбиелеу. | <b>1</b> | 21.02.23ж |
|           | <b>66</b> | Желді қып жет! (таза ауада)                  | Бұлшық еттің үйлесімді жұмысы үшін сәйкес рефлекстерді қалыптастыруға арналған жаттығуларды қолдану біліктілігін бекіту. Кеңістікті бағдарлау, төзімділік, ептілік, реакция шапшандығын дамыту.                  | <b>1</b> | 22.02.23ж |
| 3<br>Апта | <b>67</b> | Жайлаудағы ойындар.                          | Табиғатқа, коршаған ортаға деген махаббатымен жылдың кез келген кезінде еңбекті сүюге баулу.   | <b>1</b> | 27.02.23ж |
|           | <b>68</b> | Арқанмен ойнау шынықтырады.                  | Аналитикалық ойлауын, қимыл дағдыларын қолдана білуін, ептілік пен қүштілігін, төзімділігін дамыту. Табиғатқа, коршаған ортаға деген махаббатымен жылдың кез келген кезінде еңбекті сүюге баулу.                 | <b>1</b> | 28.02.23ж |

***Наурыз айына үйымдастырылған іс-әрекет:***

|           |           |                             |  |          |           |
|-----------|-----------|-----------------------------|--|----------|-----------|
|           | <b>69</b> | Арқанмен ойнау шынықтырады. | Аналитикалық ойлауын, қимыл дағдыларын қолдана білуін, ептілік пен қүштілігін, төзімділігін дамыту. Табиғатқа, коршаған ортаға деген махаббатымен жылдың кез келген кезінде еңбекті сүюге баулу. | <b>1</b> | 01.03.23ж |
| 1<br>Апта | <b>70</b> | Өз бетімізben жаттығамыз.   | Қозғалыс әрекеттерінің тиімділігін арттыруға жағдай жасау. Допты себетке дұрыс лақтыруға, бастапқы қалыпқа тұруға, аяқты жазып барыпдоп лақтыруға дағылан/ру.                                    | <b>1</b> | 06.03.23ж |
|           | <b>71</b> | Өз бетімізben жаттығамыз.   | Қозғалыс әрекеттерінің тиімділігін арттыруға жағдай жасау. Допты себетке дұрыс лақтыруға, бастапқы қалыпқа тұруға, аяқты жазып барыпдоп лақтыруға дағылан/ру.                                    | <b>1</b> | 07.03.23ж |
|           | <b>72</b> | Жан-жағыңа жылулық сыйла!   | Кең адымдап жүгіруді, гимнастикалық қабыргаға аяқты аяқтың қасына қоятырып, қиғаштап қозғалып өрмелеп, алма-кезек адымдап түсуді жалғастыру.   | <b>1</b> | 08.03.23ж |
| 2<br>Апта | <b>73</b> | Мұздағы ойын.               | Түрлі қимыл әрекеттерді орындағанда тізбектегі өз әрекетін өзгеойыншыларының қимылдарымен үйлестіре білуін қалыптастыру. Жағдайдың өзгеруіне қарай бағытты өзгерте алушы жалғастыру.             | <b>1</b> | 13.03.23ж |
|           | <b>74</b> | Спорт түрлері.              | Салауатты өмірге, денсаулығын сақтауға, әлсіздерге көмек беруге, қүштілікке, тәрб/у.   | <b>1</b> | 14.03.23ж |
|           | <b>75</b> | Спорт түрлері.              | Салауатты өмірге, денсаулығын сақтауға, әлсіздерге көмек беруге, қүштілікке, тәрб/у.   | <b>1</b> | 15.03.23ж |

***Наурыз айына үйымдастырылған іс-әрекет:***

|               |           |  |   |          |           |
|---------------|-----------|--|---|----------|-----------|
| <b>1 апта</b> | <b>76</b> | Жаттығу – женіс кепілі!. Айналмалы жаттығулар. | Секіртпемен секіру, қолдың басын айналдырып қозгалту мен аяқты тігінен қозгалтуға, жіңішке ұзын орындықпен жүргуге жаттығу. Салауатты өмірге, денсаулығын сақтауға, әлсіздерге көмек беруге, құштілікке, тәрбиелеу. | <b>1</b> | 27.03.23ж |
|               | <b>77</b> | Стадион (таза ауада)                           | Салауатты өмірге, денсаулығын сақтауға, әлсіздерге көмек беруге, құштілікке, тәрб/у.  | <b>1</b> | 28.03.23ж |
|               | <b>78</b> | Бір, екі, үш, балалар алды құш!                | Қауіпсіздік ережелерін сақтау мен сақтану дағдыларын дамыту. Допты заттардың арасымен екі аяқпен кезек-кезек теуіп жүргізу, бір қолдан екінші қолғаеденнен соғып ауыстыруды жалғастыру.                             | <b>1</b> | 29.03.23ж |

***Сәуір айына үйымдастырылған іс-әрекет:***

|               |           |  |   |          |           |
|---------------|-----------|--|---|----------|-----------|
| <b>2 Апта</b> | <b>79</b> | «Қ.Р халықтарының ойындары (таза ауада)      | Талдау жүйелерінің белсендендерінде жағдай жасау. Түрлі қимыләрекеттерді орындағанда тізбектегі өз әрекетін өзге ойыншыларының қимылдарымен үйлестіре білуін қалыптастыру.  | <b>1</b> | 03.04.23ж |
|               | <b>80</b> | Волейболшының жаттығуы.                      | Баланың қимыл-қозғалыс жүйесі мен арнайы даму факторларыннтеграциялау, қолға арналған жаттығуларды жүріп келе жатып орындау, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіре отырып үзіліссіз баяя жүгіру дағдыларын қалыптастыру. | <b>1</b> | 04.04.23ж |
|               | <b>81</b> | Ойна, ойна, доптан айырылып қалма!           | Ептілікті, ұсақ моторика мен өзін-өзі басқаруды дамытып, салауатты өмір салтына бағыт алып, спортқа деген, командалық ойындарға деген қызығушылыққа баулу.  | <b>1</b> | 05.04.23ж |
| <b>3 Апта</b> | <b>82</b> | Футбол ойнаймыз (таза ауада)                 | Ептілікті, ұсақ моторика мен өзін-өзі басқаруды дамытып, салауатты өмірсалтына бағыт алып, спортқа деген, командалық ойындарға деген қызығушылыққа баулу.   | <b>1</b> | 10.04.23ж |
|               | <b>83</b> | Футбол ойнаймыз (таза ауада)                 | Ептілікті, ұсақ моторика мен өзін-өзі басқаруды дамытып, салауатты өмір салтына бағыт алып, спортқа деген, командалық ойындарға деген қызығушылыққа баулу.  | <b>1</b> | 11.04.23ж |
|               | <b>84</b> | Волейбол алаңында жаттығу.                   | Ептілікті, ұсақ моторика мен өзін-өзі басқаруды дамытып, салауатты өмірсалтына бағыт алып, спортқа деген, командалық ойындарға деген қызығушылыққа баулу.   | <b>1</b> | 12.04.23ж |
| <b>4 Апта</b> | <b>85</b> | Мениң достарымның ойны.                      | Тізбектелген түрлі жаттығуларды орындау дағдыларын дамыту. Айналып тұрған арқаннан өтүге жаттықтыру, жерден екі аяқпен бірдей итеріліп, арқаның дәл аяғының астынан өту сәтінде секіруді дамыта тусу.               | <b>1</b> | 17.04.23ж |
|               | <b>86</b> | Қазақ халқының ұлттық ойындары. (таза ауада) | Ұлттық ойындарға қызығушылығын арттырып, азаматтық пентолеранттылыққа баулу.  | <b>1</b> | 18.04.23ж |
|               | <b>87</b> | Қазақ халқының ұлттық ойындары. (таза ауада) | Ұлттық ойындарға қызығушылығын арттырып, азаматтық пентолеранттылыққа баулу.  | <b>1</b> | 19.04.23ж |
| <b>5 Апта</b> | <b>88</b> | Ойын ойнап өсеміз.                           | Ұлттық ойындарға қызығушылығын арттырып, азаматтық пентолеранттылыққа баулу.  | <b>1</b> | 24.04.23ж |
|               | <b>89</b> | Ойын ойнап өсеміз.                           | Ұлттық ойындарға қызығушылығын арттырып, азаматтық пентолеранттылыққа баулу.  | <b>1</b> | 25.04.23ж |
|               | <b>90</b> | Аңшылар.                                     | Көзмөлшерлеуін арттырып, ептілікке, ыңғайсыз (шұлы) ортада зейініншоғырландыра білуге жаттықтыру  | <b>1</b> | 26.04.23ж |

***Мамыр айына үйымдастырылған іс-әрекет:***

|          |           |                    |  |          |           |
|----------|-----------|--------------------|--|----------|-----------|
| <b>1</b> | <b>91</b> | Өрмелеп үйренеміз. | Ойындарға қызығушылығын арттырып, шапшаңдық пен қимыл үйлесімділігіне, отбасымен салауатты өмір салтына құлшынуға баулу. | <b>1</b> | 01.05.23ж |
|----------|-----------|--------------------|--|----------|-----------|

|        |            |   |  |          |           |
|--------|------------|---|--|----------|-----------|
| Апта   | <b>92</b>  | Көшбасшы бол.                                   | Себетке доп лақтыру, лақтыру кезінде аяқты жазып барып итерілу, бастапқы қалып-қа дұрыс келуді үйретуді жалғастыру. Сызықтан-сызыққа алшақаттап жүгіруде ауада қалықтап, женіл жүгіру үшін екпінмен итеріле білуді жалғастыру.                           | <b>1</b> | 02.05.23ж |
|        | <b>93</b>  | Көшбасшы бол.                                   | Себетке доп лақтыру, лақтыру кезінде аяқты жазып барып итерілу, бастапқы қалып-қа дұрыс келуді үйретуді жалғастыру. Сызықтан-сызыққа алшақаттап жүгіруде ауада қалықтап, женіл жүгіру үшін екпінмен итеріле білуді жалғастыру.                           | <b>1</b> | 03.05.23ж |
| 2 Апта | <b>94</b>  | Шабандоздар.                                    | Бала ағзасының барлық жүйелерін жарыс қымылдарын (эстафеталарды) орындау арқылы жаттықтыру. Қимыл әрекеттердің ез бетімен еркін орындалуын жалғастыру.   | <b>1</b> | 08.05.23ж |
|        | <b>95</b>  | Спортпен шұғылданамыз!                          | Оң қол және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету, қолдарыналдымен төмен қарай айналдырып, сосын артқа толық жазылғанша сермен лақтыруға дағдыландыру. Аяқты өкшеден бастап, аяқ басына қарай басып, жылдамдықты сақтап, баяу жүгірге жаттығуды жалғастыру. | <b>1</b> | 09.05.23ж |
|        | <b>96</b>  | Спортпен шұғылданамыз!                          | Оң қол және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету, қолдарыналдымен төмен қарай айналдырып, сосын артқа толық жазылғанша сермен лақтыруға дағдыландыру. Аяқты өкшеден бастап, аяқ басына қарай басып, жылдамдықты сақтап, баяу жүгірге жаттығуды жалғастыру. | <b>1</b> | 10.05.23ж |
| 3 Апта | <b>97</b>  | Секіртпе – супертренажер.                       | Секіртпен айналып бір аяқпен секіргенде аяқтарын түсірмейге, жерге аяқ басымен қонуға жаттығу. Секіртпелердің арасымен жүріп өткенде, секіртпеден аттап өткенде арқаны тік ұстай дағдыларын бекіту.  | <b>1</b> | 15.05.23ж |
|        | <b>98</b>  | Көтеріңкі көңіл күй.                            | Допты басымен итеріп жүргізіп, алдыға қарай еңбектеуді жалғастыру. Аяқ-қолын жинаап, жұмырланып отырып алдыға-артқа домалауды бекіту.  | <b>1</b> | 16.05.23ж |
|        | <b>99</b>  | Өз денемізді өзіміз басқарамыз!                 | Өз-өзін басқару менкеңістікті бағдарлау дағдыларын қалыптастыру. Өз денсаулығын сақтауға, салауатты өмір салтына үйрету.   | <b>1</b> | 17.05.23ж |
| 4 Апта | <b>100</b> | Тату бола білеміз!                              | Қимыл қозғалысын түзетуді, әрекет ету тапқырлығын дамыту. Толеранттылыққа, жинақылыққа тәрбиелеу. Өз ойын айтып жеткізе білу, қателескен жағдайда ескертуді дұрыс қабылдай білу қасиеттерін қалыптастыру.  | <b>1</b> | 22.05.23ж |
|        | <b>101</b> | Тату бола білеміз!                              | Қимыл қозғалысын түзетуді, әрекет ету тапқырлығын дамыту. Толеранттылыққа, жинақылыққа тәрбиелеу. Өз ойын айтып жеткізе білу, қателескен жағдайда ескертуді дұрыс қабылдай білу қасиеттерін қалыптастыру.  | <b>1</b> | 23.05.23ж |
|        | <b>102</b> | <b>«Футбол ойнаймыз» (таза ауада)</b>           | Ептілікті, ұсақ моторика мен өзін-өзі басқаруды дамытып, салауатты өмірсалтына бағыт алып, спортқа деген, командалық ойнандарға деген қызығушылыққа баулу.   | <b>1</b> | 24.05.23ж |
| 5 апта | <b>103</b> | <b>«Волейбол алаңында жаттығу» (таза ауада)</b> | 20 см биіктікке жүгіріп келіп секіріп шығуға жаттығуды жалғастыру. Белгіліжерден итеріліп екпін алууды жалғастыру. Қимыл жаттығуларының тиімділігін арттыра түсу.  | <b>1</b> | 29.05.23ж |
|        | <b>104</b> | Біз оқушы боламыз!                              | Ептілікті, құштілікті, төзімді дамыту. Жеке және топта жаттығуды жалғастыру. Зал кеңістігін бағдарлай білу. Спортпен шұғылдануға, салауатты өмір салтына, үйымдасуышылыққа тәрбиелеу.  | <b>1</b> | 30.05.23ж |
|        | <b>105</b> | Біз оқушы боламыз!                              | Ептілікті, құштілікті, төзімді дамыту. Жеке және топта жаттығуды жалғастыру. Зал кеңістігін бағдарлай білу. Спортпен шұғылдануға, салауатты өмір салтына, үйымдасуышылыққа тәрбиелеу.  | <b>1</b> | 31.05.23ж |

**Барлығы: 105 сағат**

**Мектепалды даярлық тобындағы «Сөйлеуді дамыту» Ү.І.Ә. перспективалық жоспары**

**2022-2023 оқу жылы**

**Апталық жүктеме 2 сағат, жылдық жүктеме 68 сағат**

**Алматы «Алматықітап баспасы» 2022 ж.**

| A/c  | №         | ҰІӘ-нің тақырыбы                           | ҰІӘ-нің міндеттері   | Сағат саны | Оты мерзімі |
|--|-----------|--|--|------------|-------------|
| <b>Қыркүйек айына ұйымдастырылған іс-әрекет:</b> |           |  |  |            |             |
| <b>1 Апта</b>                                    | <b>1</b>  | Кел, танысайық!<br>Алғашқы күн             | Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету. Баланы ұқыптылыққа тәрбиелеу.  | <b>1</b>   | 05.09.22ж   |
|  | <b>2</b>  | Кел, танысайық!<br>Алғашқы күн             | Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету. Баланы ұқыптылыққа тәрбиелеу.  | <b>1</b>   | 07.09.22ж   |
| <b>2 Апта</b>                                    | <b>3</b>  | Менің досым.                               | Бала бойындағы досына деген сенімділігін дамыту.Достыққа деген адалдыққа, сенімділікке тәрбиелеу   | <b>1</b>   | 12.09.22ж   |
|  | <b>4</b>  | Менің досым.                               | Бала бойындағы досына деген сенімділігін дамыту.Достыққа деген адалдыққа, сенімділікке тәрбиелеу   | <b>1</b>   | 14.09.22ж   |
| <b>3 Апта</b>                                    | <b>5</b>  | Менің сүйікті ойыншығым.                   | Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту.<br>Ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиеле  | <b>1</b>   | 19.09.22ж   |
|  | <b>6</b>  | Менің сүйікті ойыншығым                    | Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту.<br>Ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиеле  | <b>1</b>   | 21.09.22ж   |
| <b>4 Апта</b>                                    | <b>7</b>  | Күз бояуы.                                 | Өлең тындау арқылы, әңгіме құрап айту арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту.Күздің жомарт, мырза екенін айтып, мейірбандыққа тәрбиелеу.   | <b>1</b>   | 26.09.22ж   |
|  | <b>8</b>  | Күз бояуы.                                 | Өлең тындау арқылы, әңгіме құрап айту арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту.Күздің жомарт, мырза екенін айтып, мейірбандыққа тәрбиелеу.   | <b>1</b>   | 28.09.22ж   |
| <b>Қазан айына ұйымдастырылған іс-әрекет:</b>    |           |  |  |            |             |
| <b>1 Апта</b>                                    | <b>9</b>  | Менің атам                                 | Отбасы туралы білімдерін кеңейту.Сұрақтарға жауап бергізу арқылы ойлау 16 қабілеттерін дамыту.Улкендерді сыйлауға тәрбиелеу.   | <b>1</b>   | 03.10.22ж   |
|  | <b>10</b> | Менің атам                                 | Отбасы туралы білімдерін кеңейту.Сұрақтарға жауап бергізу арқылы ойлау 16 қабілеттерін дамыту.Улкендерді сыйлауға тәрбиелеу.   | <b>1</b>   | 05.10.22ж   |
| <b>2 Апта</b>                                    | <b>11</b> | Қорыққанға қос көрінеді (ертегі)           | Ертегіні соңына дейін тындауға үйрету.Балалардың сөйлеу шеберлігін, сөздік қорларын дамыту.Баланы өжеттілікке, батырлыққа тәрбиелеу.   | <b>1</b>   | 10.10.22ж   |
|  | <b>12</b> | Қорыққанға қос көрінеді (ертегі әңгімелеу) | Ертегіні соңына дейін тындауға үйрету.Балалардың сөйлеу шеберлігін, сөздік қорларын дамыту.Баланы өжеттілікке, батырлыққа тәрбиелеу.   | <b>1</b>   | 12.10.22ж   |
| <b>3 Апта</b>                                    | <b>13</b> | Отбасының күзгі еңбегі.                    | Отбасының күзгі бақшадағы еңбектері жайлы әңгімелесу.Отбасының еңбегі туралы шығармашылық әңгіме құрауға үйрету.Балалардың сөйлеу және ойлау қабілетін дамыту; балаларды еңбек етуге тәрбиелеу | <b>1</b>   | 17.10.22ж   |
|  | <b>14</b> | Отбасының күзгі еңбегі                     | Отбасының күзгі бақшадағы еңбектері жайлы әңгімелесу.Отбасының еңбегі туралы шығармашылық әңгіме құрауға үйрету.Балалардың сөйлеу және ойлау қабілетін дамыту; балаларды еңбек етуге тәрбиелеу | <b>1</b>   | 19.10.22ж   |

|                   |           |                   |  |          |           |
|-------------------|-----------|-------------------|--|----------|-----------|
| <b>4<br/>Апта</b> | <b>15</b> | Күзгі жапырақтар. | Қ. Шаңғытбаевтың «Күзгі жапырақтар» өлеңінің мазмұнын түсіндіру арқылы күз мезгілін сипаттап айтуға үйрету. Сұрақтарға жауап бергізу арқылы балалардың сөздік қорларын дамыту. 3. Балаларды еңбексүйгіштікке, еңбек етуге тәрбиелеу. | <b>1</b> | 24.10.22ж |
|                   | <b>16</b> | Күзгі жапырақтар. | Қ. Шаңғытбаевтың «Күзгі жапырақтар» өлеңінің мазмұнын түсіндіру арқылы күз мезгілін сипаттап айтуға үйрету. Сұрақтарға жауап бергізу арқылы балалардың сөздік қорларын дамыту. 3. Балаларды еңбексүйгіштікке, еңбек етуге тәрбиелеу. | <b>1</b> | 26.10.22ж |

### ***Қараша айына үйымдастырылған іс-әрекет:***

|                   |           |                                       |   |          |           |
|-------------------|-----------|---------------------------------------|---|----------|-----------|
| <b>1<br/>Апта</b> | <b>17</b> | Шаштараз.                             | Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.  | <b>1</b> | 07.11.22ж |
|                   | <b>18</b> | Ең тәтті дүние.                       | Әңгіме мазмұнын толық айту арқылы сөздік қорларын дамыту. Хайуанаттарды жақсы көруге тәрбиелеу  | <b>1</b> | 09.11.22ж |
| <b>2<br/>Апта</b> | <b>19</b> | Әжесін қайсысы жақсы көреді? (Әңгіме) | Балаларды әңгімені толық тыңдаپ, мазмұнын айтуға үйрету. Отбасындағы үлкен кісілерді құрметтеп, сыйлауга тәрбиелеу  | <b>1</b> | 14.11.22ж |
|                   | <b>20</b> | Қысқа дайындық (ертеғі)               | Әңгіме мазмұнын өз сөзімен жеткізе білуге, сюжеттік суреттер бойынша әңгіме құрауға үйрету. Дыбыстарды түріне қарай ажырата алу дағдыларын дамыту. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу. | <b>1</b> | 16.11.22ж |
| <b>3<br/>Апта</b> | <b>21</b> | Алғашқы қар.                          | Дауыссыз дыбыс түрлерін ажырата білуге баулу. Балалардың ойлау қабілетін және тілін дамыту. Туған табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу.  | <b>1</b> | 21.11.22ж |
|                   | <b>22</b> | Алғашқы қар.                          | Дауыссыз дыбыс түрлерін ажырата білуге баулу. Балалардың ойлау қабілетін және тілін дамыту. Туған табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу.  | <b>1</b> | 23.11.22ж |
| <b>4<br/>Апта</b> | <b>23</b> | Менің Отаным.                         | Тақырыпқа байланысты әңгіме құрай білуге үйрету. Дауыс ырғағына қарай сөйлемдерді ажырата білу іскерлігін дамыту. Туған өлкө, Отанды сүюге баулу.                           | <b>1</b> | 28.11.22ж |
|                   | <b>24</b> | Менің Отаным.                         | Тақырыпқа байланысты әңгіме құрай білуге үйрету. Дауыс ырғағына қарай сөйлемдерді ажырата білу іскерлігін дамыту. Туған өлкө, Отанды сүюге баулу.                           | <b>1</b> | 30.11.22ж |

### ***Желтоқсан айына үйымдастырылған іс-әрекет:***

